

Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне қаржы нарығын реттеу мәселелері бойынша өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2020 жылғы 23 қарашадағы № 113 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 26 қарашада № 21676 болып тіркелді

З Қ А И - н ы ң е с к е р т п е с і !

Осы бүйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 4 т. қараңыз

"Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" 1995 жылғы 31 тамыздағы, "Сақтандыру қызметі туралы" 2000 жылғы 18 желтоқсандағы, "Бағалы қағаздар рыногы туралы" 2003 жылғы 2 шілдедегі, "Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы" 2003 жылғы 4 шілдедегі, "Инвестициялық және венчурлық қорлар туралы" 2004 жылғы 7 шілдедегі Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің Басқармасы ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Өзгерістер енгізілетін Қазақстан Республикасының қаржы нарығын реттеу мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілерінің тізбесі (бұдан әрі - Тізбе) бекітілсін.

2. Қаржы ұйымдарының әдіснамасы және пруденциялық реттеу департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Заң департаментімен бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;

3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы тармақтың 2) тармақшасында көзделген іс-шараның орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Төрағасының жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы Тізбенің 2021 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізілетін 3-тармағының сегізінші абзацын, 5-тармағының оныншы абзацын және 6-тармағының он үшінші абзацын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Қаржы нарығын реттеу және
дамыту Агенттігінің Төрағасы

M. Абылқасымова

Қазақстан Республикасының
Қаржы нарығын реттеу және
дамыту Агенттігінің
Басқармасының
2020 жылғы 23 қарашасы
№ 113 қаулыға
қосымша

Қазақстан Республикасының қаржы нарығын реттеу мәселелері бойынша өзгерістер енгізілетін нормативтік құқықтық актілерінің тізбесі

1. "Қаржы қуралдарын және инвестициялық қор активтерінің құрамына кіретін өзге де мүлікті инвестициялау қафидаларын және акционерлік және инвестициялық пай қорлары активтерінің құрамына кіруі мүмкін қаржы қуралдарының тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 24 ақпандығы № 60 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7540 болып тіркелген, "Егемен Қазақстан" газетінде 2012 жылғы 4 шілдеде № 369-374 (27448) жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Акционерлік және инвестициялық пай қорлары активтерінің құрамына кіруі мүмкін қаржы қуралдарының тізбесінде:

1-тармақта:

реттік нөмірі 2-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

2 Кор биржасының ресми тізіміне енгізілген, Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдары шығарған және (немесе) "Астана" халықаралық қаржы орталығының аумағында қызметті жүзеге асыратын қор биржасында жария саудаға салуға рұқсат етілген облигациялар

";

реттік нөмірі 5-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

Қазақстан Республикасының немесе шет мемлекеттердің заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының ұйымдары шығарған мемлекеттік емес бағалы қағаздар: Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша "B-" төмен емес рейтингі немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осындай деңгейдегі рейтингілік бағасы немесе Standard & Poor's ұлттық шәкілі бойынша "kzBB-" төмен емес рейтингілік бағасы немесе басқа рейтингілік агенттіктерінің бірінің ұлттық шәкілі бойынша ұқсас деңгейдегі рейтингі бар эмитенттердің акциялары және (немесе) қор биржасының ресми тізіміне енгізілген, қор биржасының ресми тізімінің "акциялар" секторларының талаптарына сәйкес келетін эмитенттердің акциялары және (немесе) "Астана" халықаралық қаржы орталығының аумағында қызметті жүзеге асыратын қор биржасында жария саудаға салуға рұқсат етілген эмитенттердің акциялары; Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша рейтингі "B-" төмен емес немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осындай деңгейдегі рейтингілік бағасы немесе Standard & Poor's ұлттық шәкілі бойынша "kzBB-" төмен емес рейтингілік бағасы немесе басқа рейтингілік агенттіктерінің бірінің ұлттық шәкілі бойынша ұқсас деңгейдегі рейтингі бар борыштық бағалы қағаздар немесе қор биржасының ресми тізіміне енгізілген, қор биржасының ресми тізімінің "борыштық бағалы қағаздар" секторларының талаптарына сәйкес келетін борыштық бағалы қағаздар және (немесе) шетел валютасында номинирленген және "Астана" Халықаралық қаржы орталығының аумағында қызметті жүзеге асыратын қор биржасында жария саудаға салуға рұқсат етілген борыштық

б ағ а л ы

қ ағ а з д а р ;

қор биржасының ресми тізіміне енгізілген Қазақстан Республикасы ұйымдарының инфрақұрылымдық облигациялары және (немесе) "Астана" халықаралық қаржы орталығының аумағында қызметті жүзеге асыратын қор биржасында жария саудаға салуға рұқсат етілген Қазақстан Республикасы ұйымдарының и н ф р а к ұ р ы л ы м д ы қ

о б л и г а ц и я л а р ы ;

басқарушы компаниясы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған заңды тұлға болып табылатын аралық инвестициялық пай қорларының (басқарушы компаниясы активтері есебінен осы пайлар сатып алынатын инвестициялық пай қорларының басқарушы компаниясы болып табылатын инвестициялық пай қорларын қоспағанда), қор биржасының ресми тізіміне енгізілген және (немесе) "Астана" халықаралық қаржы орталығының аумағында қызметті жүзеге асыратын қор биржасында жария саудаға салуға рұқсат етілген пайлары; осы әмитеттің бұрын шығарылған бағалы қағаздарына не өзге міндеттемелеріне айырбастау мақсатында әмитет міндеттемелерін қайта құрылымдау шенберінде шығарылған бағалы қағаздар.

".

2. "Бағалы қағаздар нарығында брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыру қағидаларын, брокердің және (немесе) дилердің банк операцияларын жүргізу тәртібін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2014 жылғы 3 ақпандағы № 9 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9249 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2014 жылғы 16 сәуірде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Бағалы қағаздар нарығында брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыру қағидаларында, брокердің және (немесе) дилердің банк операцияларын жүргізу тәртібінде:

75-тармақта:

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"2) қор биржасының ресми тізіміне енгізілген, қор биржасының ресми тізімінің "Негізгі" алаңының "Акциялар" секторының "Премиум" санатының талаптарына сәйкес келетін заңды тұлғалардың акциялары және (немесе) "Астана" халықаралық қаржы орталығының аумағында жұмыс істейтін қор биржасында көпшілік сауда-сатыққа жіберілген заңды тұлғалардың акциялары немесе қор биржасы индексінің өкілдік тізіміндегі заңды тұлғалардың акциялары;";

4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"4) Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығы туралы және басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес шығарылған, қор биржасының ресми тізімі "Негізгі" алаңының "борыштық бағалы қағаздар" секторына енгізілген Қазақстан Республикасының резиденттері заңды тұлғалардың мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздары, "Астана" халықаралық қаржы орталығының аумағында жұмыс істейтін қор биржасында көпшілік сауда-сатыққа жіберілген Қазақстан Республикасының резиденттері заңды тұлғалардың мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздары;".

3. "Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және сақтандыру тобының пруденциялық нормативтерінің және сақталуға міндетті өзге де нормалар мен лимиттердің нормативтік мәндерін және оларды есептеу әдістемелерін, сақтандыру (

қайта сақтандыру) ұйымдары, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының немесе сақтандыру холдингтерінің еншілес ұйымдары сатып алатын занды тұлғалардың акцияларына (жарғылық капиталдағы қатысу үлестеріне) қойылатын талаптарды, сақтандыру холдингтері сатып алатын халықаралық қаржы ұйымдары облигацияларының тізбесін, сақтандыру холдингтері сатып алатын облигациялар үшін талап етілетін ең төмен рейтингті және рейтингтік агенттіктердің тізбесін, сондай-ақ сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары сатып алатын қаржы құралдарының (акциялар мен жарғылық капиталына қатысу үлестерін қоспағанда) тізбесін белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 26 желтоқсандағы № 304 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14794 болып тіркелген, 2017 жылғы 24 ақпанда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және сақтандыру тобының пруденциялық нормативтерінің және сақталуға міндettі өзге де нормалар мен лимиттердің нормативтік мәндерін және оларды есептеу әдістемесінде:

38-тармақта:

13) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"13) Қазақстан Республикасының занды тұлғаларының "Астана" халықаралық қаржы орталығының аумағында жұмыс істейтін қор биржасындағы жария сауда-саттыққа жіберілген мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздар;";

20) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"20) Қазақстан Республикасының резиденттері – занды тұлғалардың "Астана" халықаралық қаржы орталығының аумағында жұмыс істейтін қор биржасындағы жария сауда-саттыққа жіберілген акциялары;";

5-қосымшаға сәйкес Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының жоғары өтімді активтерінің кестесі Қазақстан Республикасының қаржы нарығын реттеу мәселелері бойынша өзгерістер енгізілетін нормативтік құқықтық актілерінің тізбесіне (бұдан әрі - Тізбе) 1-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

көрсетілген қаулымен бекітілген Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының немесе сақтандыру холдингтерінің еншілес ұйымдары сатып алатын занды тұлғалардың акцияларына (жарғылық капиталдағы қатысу үлестеріне) қойылатын талаптарында:

2-тармақтың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) Қазақстан Республикасының резиденттері занды тұлғалардың "Астана" халықаралық қаржы орталығының аумағында жұмыс істейтін қор биржасында жария сауда-саттыққа жіберілген акциялары және осы акциялар базалық активі болып табылатын депозитарлық қолхаттар;";

көрсетілген қауыммен бекітілген Сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымдары сатып алатын қаржы құралдарының (акциялар мен жарғылық капиталына қатысу үлестерін қоспағанда) тізбесінде:

1-тармақтың 10) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"10) Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларының "Астана" халықаралық қаржы орталығының аумағында жұмыс істейтін қор биржасындағы жария сауда-саттыққа жіберілген мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздары;".

4. "Облигацияларын банктер және банк холдингтері меншікке сатып алатын халықаралық қаржы үйымдарының тізбесін және банктер мен банк холдингтері меншікке сатып алатын облигацияларға қойылатын талаптарды белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2017 жылғы 29 қарашадағы № 234 қауымсына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16149 болып тіркелген, 2018 жылғы 8 қаңтарда Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

2-тармақтың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"4) қор биржасының ресми тізіміндегі тиісті алаңын "борыштық бағалы қағаздар" секторының "буферлік санат" санатындағы немесе Қазақстан Республикасының әмитенттерінің облигациялары "Астана" Халықаралық қаржы орталығының аумағында жұмыс істейтін қор биржасында жария сауда-саттыққа жіберілген немесе Standard & Poor's рейтингтік агенттігінің жіктеуі бойынша рейтингі "B" төмен емес немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар облигацияларды қоспағанда, Қазақстан Республикасы қор биржасының ресми тізіміне енгізілген Қазақстан Республикасы әмитенттерінің облигациялары. Осы тармақшаның мақсаттары үшін жарғылық капиталдарына қатысу үлестерінің не орналастырылған акцияларының 50 (елу) пайызынан астамы Қазақстан Республикасының Үкіметіне, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне не ұлттық басқарушы холдингке тиесілі үйымдар болып табылатын Қазақстан Республикасы әмитенттерінің облигациялары Қазақстан Республикасының тәуелсіз рейтингіне ие Қазақстан Республикасы әмитенттерінің облигациялары ретінде танылады;".

5. "Инвестициялық портфельді басқаруды жүзеге асыратын үйымдар үшін пруденциялық нормативтердің, сондай-ақ олардың мәнінің сақталуын сипаттайтын көрсеткіштердің түрлерін белгілеу, Инвестициялық портфельді басқаруды жүзеге асыратын үйымдар сақтауға тиісті пруденциялық нормативтердің мәндерін есеп айырысу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 27 сәуірдегі № 79 қауымсына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17008 болып тіркелген, 2018 жылғы 12 маусымда Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) мынадай пруденциалдық нормативтер:

мәні күн сайын кемінде 1 болатын меншікті капиталдың жеткіліктілігі коэффициенті;

мәні күн сайын:

2018 жылғы 1 шілдеден бастап – кемінде 1,2;

2019 жылғы 1 қантардан бастап – кемінде 1,3;

2020 жылғы 1 қантардан бастап – кемінде 1,4 болатын өтімділік коэффициенті;";

көрсетілген қаулымен бекітілген Инвестициялық портфельді басқаруды жүзеге асыратын ұйымдар сақтауға тиісті пруденциялық нормативтердің мәндерін есеп айырысу қағидаларында:

Инвестициялық портфельді басқарушының пруденциялық нормативтерінің мәнін есептеу кестесі Тізбеке 2-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

6. "Бағалы қағаздар нарығында брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымдар үшін пруденциялық нормативтердің, сондай-ақ олардың мәнінің сақталуын сипаттайтын көрсеткіштердің түрлерін белгілеу, Бағалы қағаздар нарығында брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымдар сақтауға тиісті пруденциялық нормативтердің мәндерін есеп айырысу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 27 сәуірдегі № 80 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17005 болып тіркелген, 2018 жылғы 13 маусымда Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) мынадай пруденциялық нормативтер белгіленсін:

меншікті капиталдың жеткіліктілігі коэффициентінің мәні күн сайын кемінде 1 болады;

өтімділік коэффициентінің мәні күн сайын:

2018 жылғы 1 шілдеден бастап – кемінде 1,2;

2019 жылғы 1 қантардан бастап – кемінде 1,3;

2020 жылғы 1 қантардан бастап – кемінде 1,4 болады.

Бағалы қағаздар нарығы туралы заңның 36-бабының 1-тармағы төртінші бөлігінің 1), 2), 3) және 4) тармақшаларында көзделген банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыруға лицензия алу мақсатында брокерлер және (немесе) дилерлер үшін:

жарғылық капиталдың ең төменгі мөлшері – кемінде 10 000 000 000 (он миллиард) теңге;

меншікті капиталдың ең төменгі мөлшері – кемінде 10 000 000 000 (он миллиард) теңге;";

көрсетілген қаулымен бекітілген Бағалы қағаздар нарығында брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымдар сақтауға тиісті пруденциялық нормативтердің мәндерін есеп айырысу қағидаларында:

қосымшаға сәйкес Бағалы қағаздар нарығында брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымдар сақтауы тиісті пруденциялық нормативтердің мәндерін есептеу кестесі Тізбеке 3-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

7. "Банктер, банктің немесе банк холдингінің еншілес ұйымдары сатып алатын заңды тұлғалардың акцияларына (жарғылық капиталға қатысу үлестеріне) қойылатын талаптарды, сондай-ақ банктің заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қатысу үлестерінің не акцияларының жиынтық құнын белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 19 тамыздағы № 131 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 19260 болып тіркелген, 2019 жылғы 21 тамызда Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) банктер, банктердің немесе банк холдингтерінің еншілес ұйымдары заңды тұлғалардың акцияларын олар мынадай талаптарға сәйкес келген кезде сатып алады:

осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес Халықаралық қор биржалары тізімінде көрсетілген еркін айналыстағы Қазақстан Республикасының бейрезидент заңды тұлғаларының акциялары;

"Бағалы қағаздар рыногы туралы" 2003 жылғы 2 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 22-1-бабы 3-тармағының талаптарына сәйкес Қазақстан Республикасының резиденті-ұйымдары таныған, қор биржасының ресми тізіміне енгізілген заңды тұлғалардың акциялары;

қор биржасы индексінің өкілдік тізіміндегі Қазақстан Республикасының резиденті-заңды тұлғаларының акциялары;

қор биржасының ресми тізіміне енгізілген Қазақстан Республикасының резиденті-заңды тұлғалардың акциялары және (немесе) "Астана" халықаралық қаржы орталығының аумағында жұмыс істейтін қор биржасында жария сауда-саттыққа жіберілген Қазақстан Республикасының резиденті-заңды тұлғалардың акциялары;".

8. "Қазақстан Республикасының қаржы нарығын реттеу мәселелері бойынша кейбір нормативтік құқықтық актілеріне өзгерістер мен толықтыру енгізу және Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілерінің жекелеген нормаларының қолданылуын тоқтата тұру туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2020 жылғы 30 қазандығы № 106 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21554 болып

тіркелген, 2020 жылғы 3 қарашада Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) (бұдан әрі - қаулы) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген өзгертулер мен толықтыру енгізілген Қазақстан Республикасының қаржы нарығын реттеу мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілерінің тізбесінде:

3-қосымша Тізбеге 4 қосымшага сәйкес редакцияда жазылсын;

Қаулыға 4-қосымша Тізбеге 5-қосымшага сәйкес редакцияда жазылсын;

Қаулыға 5-қосымша Тізбеге 6-қосымшага сәйкес редакцияда жазылсын;

Қаулыға 8-қосымша Тізбеге 7-қосымшага сәйкес редакцияда жазылсын;

Қаулыға 9-қосымша Тізбеге 8-қосымшага сәйкес редакцияда жазылсын.

Өзгерістер енгізілетін
Қазақстан Республикасының
қаржы нарығын реттеу
мәселелері бойынша
нормативтік құқықтық
актілерінің тізбесіне

1-қосымша

Сақтандыру (қайта сақтандыру)
ұйымының және сақтандыру
тобының пруденциялық
нормативтерінің және сақталуға
міндettі өзге де нормалар мен
лимиттердің нормативтік
мәндеріне және оларды
есептеу әдістемесіне

5-қосымша

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының отімділігі жоғары активтерінің кестесі

№	Көрсеткіш атауы	Есепке алынатын көлем
1	2	3
1	Ақша - барлығы, оның ішінде:	
1.1	кассадағы қайта сақтандыру активтерін шегергенде сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы активтерінің сомасынан 1 (бір) пайыздан аспайтын сомадағы ақша	100%
1.2	бағалы қағаздар нарығында брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымның Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі және орталық депозитарийдегі шоттарындағы сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ақшасы	100%
1.3	осы қосымшаның 2.1 және 2.2-жолдарында көрсетілген Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі ағымдағы шоттардағы ақша	100%
1.4	осы қосымшаның 2.3-жолында көрсетілген Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі ағымдағы шоттардағы ақша	90%

1.5	Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі инвестициялық портфельді басқару қызметін жүзеге асыратын ұйымның шоттарындағы сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының акшасы	100%
2	Салымдар - барлығы, оның ішінде:	
2.1	банктер акциялары кор биржасының ресми тізімінің "Негізгі" алаңының "акциялар" секторы "премиум" санатына енгізілген не қор биржасы индексінің өкілдік тізімінде тұрған эмитенттер болып табылуан кезде Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі салымдар	100%
2.2	Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі мынадай талаптардың біріне сәйкес келетін салымдар: Standard & Poor's агенттігінің "B" төмен емес ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі немесе Standard & Poor's ұлттық шкаласы бойынша "kzBB+"-тен төмен емес рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің ұлттық шкаласы бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар; Қазақстан Республикасының бейрезидент бас банктері Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "A"-тен төмен емес шетел валютасындағы ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасының резидент еншілес банктері болып табылады	100%
2.3	Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "B-" ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осындағы деңгейдегі рейтингі, немесе Standard & Poor's агенттігінің ұлттық шкаласы бойынша "kzBB"-дан "kzBB"-ке дейінгі рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің ұлттық шкаласы бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі салымдар	90%
2.4	Standard & Poor's агенттігінің "AA"-тен төмен емес ұзақ мерзімді рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар халықаралық қаржы ұйымдарындағы салымдар, Еуразиялық Даму Банкіндегі Қазақстан Республикасының ұлттық валютасындағы салымдар	100%
2.5	Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "BBB"-тен төмен емес ұзақ мерзімді рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар бейрезидент банктердегі салымдар	100%
3	Борыштық бағалы қағаздар - барлығы, оның ішінде:	
3.1	басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес айналысқа шығарылғандарды коса алғанда, Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі мен Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі шығарған Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары	100%
3.2	Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдары шығарған, Қазақстан Республикасының аумағында қызметін жүзеге асыратын қор биржасының ресми тізіміне енгізілген борыштық бағалы қағаздар	100%
3.3	акцияларының жүз пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі, кәсіпкерлік қызметке байланысты емес жеке тұлғалардың ипотекалық қарыздарын сатып алуды жүзеге асыратын занды тұлға шығарған борыштық бағалы қағаздар	100%
3.4	Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес "Қазақстанның Даму Банкі", "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры", "Бәйтерек" ұлттық басқарушы холдингі, "Проблемалық кредиттер қоры" акционерлік қоғамдары шығарған борыштық бағалы қағаздар	100%
3.5	Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес шығарылған, қор биржасының ресми тізімінің "Негізгі" алаңының "борыштық бағалы қағаздар" секторына енгізілген Қазақстан Республикасы занды тұлғаларының мемлекеттік емес бағалы қағаздары немесе "Астана" халықаралық қаржы орталығының аумағында жұмыс істейтін қор биржасында ашық сауда-саттыққа жіберілген Қазақстан Республикасы занды	90%

	тұлғаларының қор биржасының "Негізгі" алаңының "борыштық бағалы қағаздар" секторына енгізу үшін қор биржасының талаптарына сәйкес келетін мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздары	
3.6	Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес шығарылған , қор биржасының ресми тізімінің "Балама" алаңының "борыштық бағалы қағаздар" секторына енгізілген Қазақстан Республикасы заңды тұлғаларының мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздары немесе "Астана" халықаралық қаржы орталығының аумағында жұмыс істейтін қор биржасында ашық сауда-саттыққа жіберілген Қазақстан Республикасы заңды тұлғаларының қор биржасының "Балама" алаңының "борыштық бағалы қағаздар" секторына енгізу үшін қор биржасының талаптарына сәйкес келетін мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздары	60%
3.7	Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес шығарылған , (эмитентте) Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "BB-" төмен емес рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осындай деңгейдегі рейтингі бар немесе Standard & Poor's агенттігінің ұлттық шкаласы бойынша "kzA-" төмен емес рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің ұлттық шкаласы бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасы заңды тұлғаларының мемлекеттік емес бағалы қағаздары	100%
3.8	Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес шығарылған , (эмитентте) Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "B+"-тен "B"-ка дейінгі рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осындай деңгейдегі рейтингі бар немесе Standard & Poor's агенттігінің ұлттық шкаласы бойынша "kzBBB+"-тен "kzBB"-ка дейінгі рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің ұлттық шкаласы бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасы заңды тұлғаларының мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздары	85%
3.9	Standard & Poor's агенттігінің "AA-" төмен емес халықаралық рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осындай деңгейдегі рейтингі бар халықаралық қаржы үйимдары шығарған мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздар, соңдай-ақ Еуразиялық Даму Банкі шығарған және Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында номинирленген борыштық бағалы қағаздар	100%
3.10	Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "BBB-" төмен емес тәуелсіз рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осындай деңгейдегі рейтингі бар шет мемлекеттердің борыштық бағалы қағаздары	100%
3.11	Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "BB+"-тен "BB"-ка дейінгі тәуелсіз рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осындай деңгейдегі рейтингі бар шет мемлекеттердің борыштық бағалы қағаздары	90%
3.12	Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "B+"-тен "B"-ка дейінгі тәуелсіз рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осындай деңгейдегі рейтингі бар шет мемлекеттердің борыштық бағалы қағаздары	80%
3.13	Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "BBB-" төмен емес рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осындай деңгейдегі рейтингі бар (эмитентте) шетелдік әмбенттердің мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздары	100%
3.14	Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "BB+"-тен "BB"-ка дейінгі рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осындай деңгейдегі рейтингі бар шетелдік әмбенттердің (эмитентте) мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздары	85%
3.15	Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "B+"-тен "B"-ка дейінгі рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осындай деңгейдегі рейтингі бар шетелдік әмбенттердің (эмитентте) мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздары	70%

4	Акциялар және депозитарлық қолхаттар - барлығы, оның ішінде:	
4.1	негізгі қор индекстерінің құрамына кіретін Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларының және шетелдік эмитенттердің акциялары және базалық активі осы акциялар болып табылатын депозитарлық қолхаттар	100%
4.2	кор биржасының ресми тізіміне "Негізгі" алаңының "акциялар" секторы "премиум" санатының талаптарына сәйкес келетін, кор биржасының ресми тізіміне енгізілген заңды тұлғалардың акциялары және базалық активі осы акциялар болып табылатын депозитарлық қолхаттар	100%
4.3	кор биржасының ресми тізімінің "Негізгі" алаңы "акциялар" секторының "стандарт" санатына енгізілген Қазақстан Республикасының резидент заңды тұлғаларының акциялары немесе осы Қосымшаның 4.4-жолында көрсетілген акциялар және базалық активтері осы акциялар болып табылатын депозитарлық қолхаттарды қоспағанда, "Астана" халықаралық қаржы орталығының аумағында жұмыс істейтін кор биржасының ресми тізіміне енгізілген, ашық сауда-саттыққа жіберілген Қазақстан Республикасының резидент заңды тұлғаларының акциялары және базалық активтері осы акциялар болып табылатын депозитарлық қолхаттар	80%
4.4	кор биржасының ресми тізімінің "Балама" алаңының "акциялар" секторына енгізілген Қазақстан Республикасы заңды тұлғаларының акциялары немесе "Астана" халықаралық қаржы орталығының аумағында жұмыс істейтін кор биржасының "аймақтық акциялар нарығының сегменті" ресми тізімінің кіші бөліміне енгізілген Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларының жария активтерге жіберілген акциялары және базалық активі осы акциялар болып табылатын депозитарлық қолхаттар	60%
4.5	Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "BBB-" тәмен емес рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осындай деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларының және шетелдік эмитенттердің акциялары және базалық активі осы акциялар болып табылатын депозитарлық қолхаттар	100%
4.6	Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "BB+" -тен "BB-" -қа дейінгі рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осындай деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларының және шетелдік эмитенттердің акциялары және базалық активі осы акциялар болып табылатын депозитарлық қолхаттар	80%
4.7	Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "B+" -тен "B-" -қа дейінгі рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осындай деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларының және шетелдік эмитенттердің акциялары және базалық активі осы акциялар болып табылатын депозитарлық қолхаттар	60%
5	Өзге бағалы қағаздар, оның ішінде:	
5.1	кор биржасының ресми тізіміне енгізілген инвестициялық қорлардың бағалы қағаздары	70%
5.2	активтерінің құрылымы негізгі қор индекстерінің бірінің құрылымының қайталайтын немесе олардың пайлар бойынша баға белгілеулері негізгі қор индексіне байланысты болатын Exchange Traded Funds (ETF) пайлары	90%
5.3	Morningstar рейтингтік агенттігінің "3 жүлдіздан" тәмен емес рейтингтік бағасы бар Exchange Traded Funds (ETF), Exchange Traded Commodities (ETC), Exchange Traded Notes (ETN) пайлары	80%
5.4	Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "BBB+" -тен тәмен емес рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі немесе Standard & Poor's агенттігінің ұлттық шкаласы бойынша "kzAAA"-дан тәмен емес рейтингті немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің ұлттық шкаласы	100%

	бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар, Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес шығарылған Қазақстан Республикасы заңды тұлғаларының исламдық қаржыландыру күралдары	
5.5	Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "BB+"-тен "BB"-ке дейін рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы немесе Standard & Poor's агенттігінің ұлттық шкаласы бойынша "kzAA +"-тан "kzA"-ке дейін рейтингті немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің ұлттық шкаласы бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар, Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес шығарылған Қазақстан Республикасы заңды тұлғаларының исламдық қаржыландыру күралдары	90%
5.6	Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "B+"-тен "B"-ке дейін рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы немесе Standard & Poor's агенттігінің ұлттық шкаласы бойынша "kzBBB+"-тен "kzBB"-ке дейін рейтингті немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің ұлттық шкаласы бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар, Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес шығарылған Қазақстан Республикасы заңды тұлғаларының исламдық қаржыландыру күралдары	80%
5.7	бас ұйымдарының Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "BBB"-тен төмен емес рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар, Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес шығарылған Қазақстан Республикасы заңды тұлғаларының исламдық қаржыландыру күралдары	90%
6	Өзге активтер - барлығы, оның ішінде:	
6.1	тазартылған бағалы металдар және металл депозиттер	100%
6.2	бағалы қағаздар эмитенттеріне бағалы қағаздар шығарылымы проспектісінде көзделген бағалы қағаздардың айналыс мерзімінің аяқталуына байланысты туындайтын бағалы қағаздардың номиналды құнын төлеуге қойылатын талаптар (бағалы қағаздар шығарылымы проспектісінің талаптары бойынша мерзімі өтпеген)	100%

Өзгерістер енгізілетін
Қазақстан Республикасының
каржы нарығын реттеу
мәселелері бойынша
нормативтік құқықтық
актілерінің тізбесіне
2-қосымша

Инвестициялық портфельді
басқаруды жүзеге асыратын
ұйымдар сактауға тиісті
пруденциялық нормативтердің
мәндерін есептеу қағидаларына
Қосымша

Инвестициялық портфельді басқарушының пруденциялық нормативтерінің мәнін есептеу кестесі

№	Көрсеткіштің атауы	Баланс бойынша сомасы	Есепке алынатын көлем (пайызбен)	Есептеу сомасы

1	2	3	4	5
1	Ақша және салымдар - барлығы, оның ішінде:			
1.1	кассадағы инвестициялық портфельді басқаруышының балансы бойынша активтер сомасының 10 (он) пайзынан аспайтын сомада ақша	100		
1.2	осы Қосымшаның 1.9 және 1.10-жолдарында көрсетілген Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінің ағымдағы шоттарындағы ақша	100		
1.3	осы Қосымшаның 1.11-жолында көрсетілген Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінің ағымдағы шоттарындағы ақша	90		
1.4	орталық депозитарийдегі шоттардағы ақша	100		
1.5	клирингтік ұйымның (орталық контрагенттің) кепілдік немесе резервтік қорларына жарна, маржа салымдары, ашық сауда-саттық әдісімен және (немесе) орталық контрагенттің қатысуымен көр биржасының сауда-саттық жүйесінде жасалған мәмілелер бойынша міндеттемелердің орындалуын толық және (немесе) ішінара қамтамасыз ету болып табылатын инвестициялық портфельді басқаруышының ақшасы	100		
1.6	Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "BBB"-төмен емес ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осындай деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасының бейрезидент банктеріндегі ағымдағы шоттардағы ақша	100		
1.7	Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "BBB" төмен емес ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осындай деңгейдегі рейтингі бар, "Бағалы қағаздар рыногы туралы" 2003 жылғы 2 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 59-бабының 1-тarmaғында белгіленген функцияларды жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының бейрезидент ұйымдарындағы шоттардағы ақша	100		
1.8	Бағалы қағаздарға қызмет көрсету мәселелері бойынша халықаралық қауымдастықтың мүшесі болып табылатын Қазақстан Республикасының бейрезидент ұйымдарындағы шоттардағы ақша (International Securities Services Association)	100		
1.9	осы банктер көр биржасының реңи тізімінің "Негізгі" аланы "акциялар" секторының "премиум" санатына енгізілген эмитенттер немесе акциялары көр биржасы индексінің екілдік тізімінде болатын эмитенттер болған жағдайда, Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі салымдар	100		
1.10	мына талаптардың біріне сәйкес келетін Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі салымдар: Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "B" төмен емес ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі немесе Standard & Poor's агенттігінің ұлттық шкаласы бойынша "kzBB+" төмен емес рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің ұлттық шкаласы бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар; Қазақстан Республикасының бейрезидент бас банктері шетел валютасында Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "A-" төмен емес ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі немесе			

	басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасының бейрезидент еншілес банктері болып табылады	100	
1.11	Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "B-" тәмен емес ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осындай деңгейдегі рейтингі немесе Standard & Poor's агенттігінің ұлттық шкаласы бойынша "kzBB"-ден "kzBB"-ке дейінгі рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің ұлттық шкаласы бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі салымдар	90	
1.12	Standard & Poor's агенттігінің "AA-" тәмен емес ұзақ мерзімді рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар халықаралық қаржы ұйымдарындағы салымдар, Еуразиялық Даму Банкіндегі Қазақстан Республикасының ұлттық валютасындағы салымдар	100	
1.13	Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "BBB-" тәмен емес ұзақ мерзімді рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар бейрезидент банктердегі салымдар	100	
2	Борыштық бағалы қағаздар - барлығы, оның ішінде:		
2.1	Басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес эмиссияланғандарды қоса алғанда, Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі мен Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі шыгарған Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары	100	
2.2	Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдары шыгарған , Қазақстан Республикасының аумағында жұмыс істейтін кор биржасының ресми тізіміне енгізілген борыштық бағалы қағаздар	100	
2.3	акцияларының бір жүз пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі, кәсіпкерлік қызметке байланысты емес жеке тұлғалардың ипотекалық қарыздарын сатып алууды жүзеге асыратын заңды тұлға шыгарған борыштық бағалы қағаздар	100	
2.4	Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес "Қазақстанның Даму Банкі", "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат коры", "Бәйтерек" ұлттық басқаруши холдингі, "Проблемалық кредиттер коры" акционерлік қоғамдары шыгарған борыштық бағалы қағаздар	100	
2.5	Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес шыгарылған, кор биржасының ресми тізімінің "Негізгі" алаңының "борыштық бағалы қағаздар" секторына кіретін Қазақстан Республикасы заңды тұлғаларының мемлекеттік емес бағалы қағаздары немесе қор биржасының "Негізгі" алаңының "борыштық бағалы қағаздар" секторына енгізу үшін кор биржасының талаптарына сәйкес келетін "Астана" халықаралық қаржы орталығының аумағында жұмыс істейтін кор биржасында ашық сауда-саттыққа жіберілген Қазақстан Республикасы заңды тұлғаларының мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздары	90	
	Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес шыгарылған, кор биржасының ресми тізімінің "Балама" алаңының "борыштық бағалы қағаздар" секторына енгізілген Қазақстан Республикасы заңды тұлғаларының мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздары немесе қор биржасының "Балама"		

2.6	аланының "борыштық бағалы қағаздар" секторына енгізу үшін қор биржасының талаптарына сәйкес келетін "Астана" халықаралық қаржы орталығының аумағында жұмыс істейтін кор биржасында ашық сауда-саттықта жіберілген Қазақстан Республикасы заңды тұлғаларының мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздары	60	
2.7	Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес шығарылған, (эмитентте) Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "BB-" төмен емес рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осындай деңгейдегі рейтингі бар немесе Standard & Poor's агенттігінің ұлттық шкаласы бойынша "kzA-" төмен емес рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің ұлттық шкаласы бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасы заңды тұлғаларының мемлекеттік емес бағалы қағаздары	100	
2.8	Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес шығарылған, (эмитентте) Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "B+"-тен "B"-ке дейінгі рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің ұлттық шкаласы бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасы заңды тұлғаларының мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздары	85	
2.9	Standard & Poor's агенттігінің "AA-" төмен емес халықаралық рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осындай деңгейдегі рейтингі бар халықаралық қаржы ұйымдары шығарған мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздар, сондай-ақ Еуразиялық Даму Банкі шығарған және Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында номинирленген бағалы қағаздар	100	
2.10	Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "BBB-" төмен емес тәуелсіз рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осындай деңгейдегі рейтингі бар шет мемлекеттердің борыштық бағалы қағаздары	100	
2.11	Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "BB+"-тен "BB"-ке дейінгі тәуелсіз рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осындай деңгейдегі рейтингі бар шет мемлекеттердің борыштық бағалы қағаздары	90	
2.12	Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "B+"-тен "B"-ке дейінгі тәуелсіз рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осындай деңгейдегі рейтингі бар шет мемлекеттердің борыштық бағалы қағаздары	80	
2.13	Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша "BBB-" төмен емес рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осындай деңгейдегі рейтингі бар (эмитентте) шетелдік әмитеттердің мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздары	100	
2.14	Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша (эмитеттің) "BBB-" төмен емес рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осындай деңгейдегі рейтингі бар шетелдік әмитеттердің мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздары	85	
	Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша (эмитеттің) "B+"-тен "B"-ке дейінгі рейтингтік бағасы немесе басқа		

2.15	рейтингтік агенттіктердің бірінің осындай деңгейдегі рейтингі бар шетелдік эмитенттердің мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздары	70	
3	Акциялар және депозитарлық қолхаттар - барлығы, оның ішінде:		
3.1	негізгі кор индекстерінің құрамына кіретін Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларының және шетелдік эмитенттердің акциялары және базалық активі осы акциялар болып табылатын депозитарлық қолхаттар	100	
3.2	кор биржасының ресми тізіміне "Негізгі" алаңының "акциялар" секторы "премиум" санатының талаптарына сәйкес келетін, кор биржасының ресми тізіміне енгізілген заңды тұлғалардың акциялары және базалық активі осы акциялар болып табылатын депозитарлық қолхаттар	100	
3.3	кор биржасының ресми тізімінің "Негізгі" алаңы "акциялар" секторының "стандарт" санатына енгізілген Қазақстан Республикасының резидент заңды тұлғаларының акциялары немесе осы қосымшаның 3.4-жолында көрсетілген акциялар және базалық активтері осы акциялар болып табылатын депозитарлық қолхаттарды қоспағанда, "Астана" халықаралық қаржы орталығының аумағында жұмыс істейтін кор биржасының ресми тізіміне енгізілген, жария сауда-саттыққа жіберілген Қазақстан Республикасының резидент заңды тұлғаларының акциялары және базалық активтері осы акциялар болып табылатын депозитарлық қолхаттар	80	
3.4	кор биржасының ресми тізімінің "Балама" алаңының "акциялар" секторына енгізілген Қазақстан Республикасы заңды тұлғаларының акциялары немесе "Астана" халықаралық қаржы орталығының аумағында жұмыс істейтін кор биржасының "аймақтық акциялар нарығының сегменті" ресми тізімінің кіші беліміне енгізілген, жария сауда-саттыққа жіберілген Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларының акциялары және базалық активі осы акциялар болып табылатын депозитарлық қолхаттар	60	
3.5	Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларының және Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "BBB"-тен төмен емес рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осындай деңгейдегі рейтингі бар шетелдік эмитенттердің акциялары және осы акциялар базалық активі болып табылатын депозитарлық қолхаттар	100	
3.6	Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларының және Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "BB+"-тен "BB-ке" дейінгі рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осындай деңгейдегі рейтингі бар шетелдік эмитенттердің акциялары және осы акциялар базалық активі болып табылатын депозитарлық қолхаттар	80	
3.7	Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларының және Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "B+"-тен "B-ке" дейінгі рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осындай деңгейдегі рейтингі бар шетелдік эмитенттердің акциялары және осы акциялар базалық активі болып табылатын депозитарлық қолхаттар	60	
4	Өзге бағалы қағаздар - барлығы, оның ішінде:		
4.1	кор биржасының ресми тізіміне енгізілген инвестициялық қорлардың бағалы қағаздары	70	

4.2	активтерінің құрылымы негізгі қор индекстерінің бірінің құрылымын қайталаңтын Exchange Traded Funds (ETF) пайлары немесе негізгі қор индексіне байланысты пайлар бойынша баға белгілеу		90	
4.3	Morningstar рейтингтік агенттігінің "3 жұлдыздан" төмен емес рейтингтік бағасы бар Exchange Traded Funds (ETF), Exchange Traded Commodities (ETC), Exchange Traded Notes (ETN) пайлары		80	
5	Өзге бағалы қағаздар - барлығы, оның ішінде:			
5.1	Тазартылған бағалы металдар және металл депозиттер		100	
5.2	Бағалы қағаздар нарығындағы кәсіби қызметті жүзеге асыру шенберінде есептелген, бірақ төленбекен комиссиялық сыйакы бойынша (шарт талаптары бойынша мерзімі өтпеген) дебиторлық берешек (инвестициялық портфельді басқарушының үлестес тұлғаларының дебиторлық берешегін қоспағанда) - инвестициялық портфельді басқарушының балансы бойынша активтер сомасының 10 (он) пайызынан аспайтын сомада		100	
5.3	Бағалы қағаздар эмитенттеріне бағалы қағаздар шығарылымы проспектісінде көзделген олардың айналыс мерзімінің аяқталуына байланысты туындаңтын бағалы қағаздардың нақтылы құнын төлеу бойынша қойылатын талаптар (бағалы қағаздар шығарылымы проспектісін талаптары бойынша мерзімі өтпегендер)		100	
5.4	Инвестициялық портфельді басқарушының балансы бойынша активтер сомасының 5 (бес) пайызынан аспайтын сомада жылжымайтын мүлік түріндегі инвестициялық портфельді басқарушының негізгі құрал-жабдықтары		100	
6	Өтімді активтердің жиынтығы			
7	Баланс бойынша міндеттемелер			
8	Меншікті капиталдың ең төменгі мөлшері			
9	Меншікті капиталдың жеткіліктілігі коэффициенті			
10	Өтімділік коэффициенті			

Әзгерістер енгізілетін
Қазақстан Республикасының
каржы нарығын реттеу
мәселелері бойынша
нормативтік құбықтық
актілерінің тізбесіне
3-қосымша

Бағалы қағаздар нарығында
брокерлік және (немесе)
дилерлік қызметті жүзеге
асыратын үйімдардың сақтауға
тиісті пруденциялық
нормативтердің мәндерін
есептеу қағидаларына
қосымша

